

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының адами әлеуметтік дамыту бөлімі
мемлекеттік мекемесі «Алтын сақа» бөбекжай – балабақшасы МКҚК



Бекітемін

Балабақша менгерушісі

Р.Қаламбаева

Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

«Қуыршаққа арналған кәмпиттер»

«Балапан» ересек тобы

Тәрбиешілері: Нұрымбетова.А
Шаханова.Н

2021-2022ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АДAMI АЛЕУМЕТТИК ДАМУ МИНИСТРЛИГИ

Ашық ұйымдастырылған оқу іс –әрекеттерінің технологиялық картасы.

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлім Мүсіндеу

Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған кәмпиттер»

Мақсаты: Мүсіндердің қарапайым әдіс- тәсілдермен таныстыру.

Міндеттері: . Бала саусағының бұлшық еттері жан-жақты жетілуге, түрлі бұйымдар жасауға икемділіктерін арттыру.

. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу..

Әдіс-тәсілдер: Ойын, сөздік жұмыс, жұмыс істеулерін айтып көрсету, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: Ермексаз , сулы шүберектер, тақтайша, қуыршақ,, қатырма қағаздан қиылған кәмпиттер.

Сөздік жұмыс: кәмпиттер, мәйда, дөңгелек.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс –әрекеті	Балалардың іс -әрекеті
Мотивациялы-қозғаушылық	Балалар жартылай шеңбер жасап тұрып апайлармен амандасады. «Үлкендерге «Сіз» Кішіге де»Сіз» Баршаңызды құрметтеп Бас иеміз біз!»	
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Осы кезде есік тықылдап қонаққа қуыршақ келеді Қане балалар қуыршақпен амандасайық. Балалар бүгін сендердің көңіл-күйлерің жақсы екен, қане қуыршақпен амандасайық: сәлем қуыршақ. Қане олай болса қуыршаққа тәттімен шай ұсынайық .	

Тәрбиеші тәрелкедегі кәмпитті алайын десе таусылып қалыпты. Балалар бізде кәмпит таусылып қалыпты қуыршақ ренжіп қалатын болды. Енді не істесек екен? Ендеше қуыршаққа кәмпитті ермексаздан жасайық.

- Сергіту сәті:
 - Бір дегенде тұрайық.
 - Бір,екі,үш деп алақанды соғайық
 - Төрт дегенде жүгіріп-жүгіріп алайық.
 -
 - Бес дегенде асықпай орнымызды табайық.
- Кәмпитіміз дайын болса қуыршаққа берейік.

Балалар ермексазды қолданып болғаннан кейін қолымызды сабындап жууымыз керек.

- Тәрбиеші балаларға түрлі кәмпиттер беріп оның түсін пішінін сұрайды.
- Балалар қуыршақ сендерге рахмет айтып жатыр.
- Қуыршаққа кәмпитті көп жемеу керектігін ескертейік.
- Сұрақ -жауап арқылы сабақты қорытындылау.
-

Қуыршақ мақтайды.

Балалар қуыршаққа тақпақ оқиды

«Қуыршақ, қуыршақ

Сен неге күлмейсің

Бір ауыз жақсы сөз

Айтуды білмейсің»

Қуыршақ ән айтып билейді. Балалар қолдарын соғады.

Балалар ермексаздан кәмпит жасауға кіріседі.

Сәйкес қимыл қозғалыстар жасайды.

Балалар қолдарындағы кәмпиттің түсін пішінін айтады.

Балалар қуыршақпен қоштасады.

Рефлексивті түзетушілік

- Біз де ән мен би білейміз. «Айналамыз әні-биі»

Қуыршаққа кәмпиттерді сыйлау

Қуыршақ риза болады – мен де бос қол келген жоқпын, қапшықтың ішінде не бар екен?
Сыртынан ұстап көріңдер – ойыншықтар!

Балалар, енді бәріміз қонақтармен қоштасайық.

Ортаға келіп тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау- саламат болайық!

Қуыршақпен балалар қоштасады.

- Күтілетін нәтиже:

Біледі: Түстерді пішіндерді ажырата білді.

Игерді: Кәмпиттерді дөңгелетіп мүсіндеуді.

Менгереді: Ермексазбен ұқыпты жұмыс жасауды.